

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 364-365

## **ТӨЛДЕРДІ ТҰЫЛҒАНЫНАН 20-КҮНДІГІНЕН БАСТАП ЕНЕСІНЕН БӨЛГЕНГЕ ДЕЙІН, ЕНЕСІНЕН БӨЛІП-ЕМІЗУ ТӘСІЛІНІҢ ТІЙІМДІЛІГІ**

*Әбдіқарова А.*

**Жұмыстың мақсаты.** Қазақстан өңірлерінде өсірілетін қылшық жүнді құйрықты қойларының бәсекеге қабілеттілігін асылдандыру жұмыстары мен қатар үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша жайылымда-қорада күтіп-бағу өндірістік технологиясымен үйлесімді-ұштастыру әдіс-тәсілдерін (төлдерді тұылғанынан 20-күндігінен бастап енесінен бөлгенге дейін, енесінен бөліп-емізу) қолдану арқылы төл-тоқтылардың өсіп-жетілу қарқыны жеделдетіліп ет-май өнімділігін жоғарлатып қой шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттыру әдістері мен тәсілдерін жасап, олардың өнімділік қасиеттерін жоғарлату жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеу [1].

**Жұмыстың міндеті.** Алға қойылған мақсат төмендегі міндеттерді орындау жолымен іске асырылды:

- селекциялық жұмыстар мен қатар үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша жайылымда-қорада күтіп-бағу өндірістік технологиясымен үйлесімді-ұштастыру әдіс-тәсілдерін (төлдерді тұылғанынан 20-күндігінен бастап енесінен бөлгенге дейін, енесінен бөліп-емізу) қолдану арқылы қылшық жүнді құйрықты қойларының тұқымдық-генетикалық мүмкіндіктерін (жоғары тірілей салмағы, тез жетілгіштік, еттілік-майлылық қасиеттері, жақсы дамыған дене бітімі мен пішін формалары) мен ерекшеліктерін тиімді пайдалану[2];

Төлдерді тұылғанынан 20-күндігінен бастап енесінен бөлгенге дейін, енесінен бөліп-емізу тәсілінің тиімділігі:

- серіктестік жыл сайын 400-800 бас шамасында асыл тұқымды төл сатуға қол жеткізді [3]. Барлық зерттеу топтары бойынша жалпы алғанда, ең жоғары экономикалық тиімділіктің еркек қозыларды енесінен бөле сала 4 - 4,5 айлығында етке өткізгенде алынатындығы анықталды: таза пайда 6067,2 - 6490,1 теңге, рентабельділік деңгейі -247,6-269,3 % аралығында.

Отарларды толықтырудан және тұқымдық төл ретінде өзге шаруашылықтарға сатудан қалған еркек тоқтыларды 15-16 айлығында етке тапсырғанда олардың ұша салмақтары 4-4,5 және 6,5-7 айлық тоқтыларымен салыстырғанда зерттеу топтарына байланысты, тиісінше 81,2-83,7 және 67,0-69,8 %-ға артық болды, ал тиімділік деңгейінің 247,6-269,3 және 226,2-249,8 %-дан 77,2-85,6 %-ға дейін төмендейтіндігі аңғарылды [4].

Қорыта келгенде, Ақмола өңірлерінде туылғанынан 20-күндігінен бастап енесінен бөлгенге дейін, енесінен бөліп-емізу тәсілімен өсірілетін құйрықты қой төлдерін туылған жылы 4-4,5 және 6,5-7 айлығында етке тапсыру 15-16 айлығында етке тапсырылатын тоқтыларға карағанда тиімдірек екендігі дәлелденуде. Сонымен қатар шаруашылыққа экономикалық тұрғыдан тиімді шара, еліміздің халқын жас тоқты және қозы етімен қамтамасыз етудің ең басты көздерінің бірі болып табылады.

*Қазиханов Р.а.и.ғ.докторы, профессор, ғылыми жетекші*

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Лушников В.П. Производство и переработка баранины: справочник. – Саратов: ИЦ «Наука», 2008. - С. 12 - 15.
2. Плохинский Н.А. Биометрия. – М.:Изд-во МГУ, 1970. – 367с.
3. Канапин К., Ахатов А., Махатов Б. Скороспелость и мясная продуктивность молодняка овец нового сарысуского типа сарыаркинской курдючной грубошерстной породы //Вестник с.-х. науки Казахстана. - 2000. - № 4. - С. 25-32
4. Fogarty N.M., Hopkins D.L., Van de Ven R. Lamb production from divers genotypes 2. Carcass characteristics.- Anim. Sci., 2000.- V.70, p.147-156.